

# ПРОФЕССОР АҚСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<sup>1</sup>Г.С. Симұқанова, <sup>2</sup>А.Т. Тайжанов

## АҢДАТПА

Кез-келген мемлекет үшін бағдар ретінде ұстанатын идея, ал унитарлы мемлекетке – ұлттық идея қажет. Кеңес заманында Ұлы Далада өркен жайған игілікті істердің мирасқорларының бірі – Қазақ Елінің материалдық байлықтары мен рухани құндылықтары жеткілікті дәрежеде зерттелмеді. Солардың бірі ұлттың ой-түйсігін, ұмтылыс-арманын, ұстаным-межелерін білдіретін – ұлттық идея.

Жалпы алғанда әлеуметтік-философиялық әдебиеттер мен энциклопедияларда идея, идеология туралы аз жазылған жоқ. Бірақ, болашағын интернационалистік қоғамнан көрген Кеңестік дәуірде ұлттық идея, ұлттық идеология мәселесіне көңіл бөлінбеді.

Мақалада ұлттық идея тақырыбын өзінің көптеген ғылыми ізденістеріне арқау еткен профессор А.Сейдімбектің еңбектеріне талдау жасау арқылы ұлттық идеяның тарихына, негіздері мен мәніне, эволюциясына, XX ғасыр басындағы ұлттық идеяның басты ерекшеліктеріне, оның қазіргі ахуалына сараптама жасалады.

Сонымен қатар, А.Сейдімбектің қазақ халқының ұлттық сана-сезімі, тұрмыс-тіршілігі, діні, ділі, тілі мен мәдениетіне қатысты айтқан терең пайымдауларының мән-мағынасына, ұлттық идея мен ұлт болмысы тұрғысынан талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** идеология, ұлттық идея, ұлттық идеология, ұлт болмысы, ұлттық сана, ұлттық мүдде, саяси сана.

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Симұқанова Г.С.,  
[simukanova@mail.ru](mailto:simukanova@mail.ru)

**Мақаланың сілтемесі:**  
Симұқанова Г.С., Тайжанов А.Т.  
Профессор Ақселеу Сейдімбек  
зерттеулеріндегі ұлттық идея  
мәселелері // Адам әлемі.  
– 2025. – №2 (103). – Б. 41-48.

## Проблемы национальной идеи в исследованиях профессора Акселеу Сейдимбека

**Аннотация.** Любому государству в качестве ориентира нужна направляющая идея, а унитарному государству необходима национальная идея. В Советское время процветавшее Великой Степи одно из благих дел в наследии – материальные и духовные богатства казахского народа не были достаточно изучены. Одной из них является национальная идея, которая выражает мысли, стремления, мечты, принцип нации.

В целом в социально – философской литературе и энциклопедиях об идеях и идеологии написано немало. Но в советскую эпоху, которая видела свое будущее в интернационалистическом обществе, вопросу национальной идеи, национальной идеологии не уделялось должного внимания.

Тема национальной идеи стала огромным пластом для множества научных исследованиях профессора А.Сейдимбека. В статье путем анализа его трудов рассматривается история, основы, сущность, эволюция, основные особенности национальной идеи в начале XX века и её современное состояние. Кроме того, проанализированы взгляды А.Сейдимбека о национальном сознании, образе жизни, религии, менталитете, языке и культуре казахского народа, их значении в контексте национального бытия и идеологии национальной идеи.

**Ключевые слова:** идеология, национальная идея, национальная идеология, национальное бытие, национальное сознание, национальный интерес, политическое сознание.

## Challenges of the National Idea in the Research of Professor Akseleu Seydimbek

**Abstract.** Any state needs a guiding idea as a reference point, and a unitary state needs a national idea. In Soviet times, one of the good things in the Great Steppe, the material and spiritual wealth of the Kazakh people, which flourished in the Great Steppe, was not sufficiently studied. One of them is the national idea, which expresses the thoughts, aspirations, dreams, principles of the nation. In general, a lot has been written about ideas and ideology in socio-philosophical literature and encyclopaedias. But in the Soviet era, which saw its future in an internationalist society, the issue of national idea, national ideology was not given due attention.

In the article, the topic of national idea is based on many scientific studies of professor A.Seydimbek by analysing his works, which analyses the history, foundations and essence, evolution, main features in the early twentieth century and the current situation of the national idea. In addition, Seydimbek's profound views on the national consciousness, way of life, religion, mentality, language and culture of the Kazakh people, their significance in the context of the national idea and national existence will be analysed.

**Key words:** Ideology, National Idea, National Ideology, National Existence, National Consciousness, National Interest, Political Consciousness.

### ***Kіpіcne***

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизм, мемлекеттік тіл, сапалы білім, бәсекеге қабілетті, іскер, білімді азамат, жаһандану сынақтарына төтеп бере алатын қуатты мемлекет тағы басқа мәселелер жиі сөз болады. Алайда осы айтылғандардың жүзеге асуы үшін, олардың басын біріктіретін ұстаным қажет. Ол – Ұлттық идея. Түп тегін грек тілінен алатын идея – біздің тіл-түсінігімізде ой, түсінік – дегенді білдіреді. «Идея – саналы мақсат пен оның болашақтағы танылымының, сыртқы ортаны бейнелеудің, практикалық өзгертудің түрі» [1, 316 б.]. Осы анықтамаға сәйкес идея өзінің атқаратын қызметіне қарай сан-алуан болуы мүмкін. Мәселен, ол бірде қоғамдық сананың бір түрі ретінде сыртқы дүниені бейнелесе, басқа бір жағдайда адам сенімі ретінде көрініс береді. Жалпы адамзат тарихында, оның ішінде философия тарихында да, Идея категориясының дамуының бірнеше деңгейін көруге болады. Анаксагор мен Демокрит философиясында идея – ақылдың жемісі болса, Платонда парасатпен, Орта ғасыр философиясында Құдай рухына тән ойлардан туындаған заттар бейнелері, Жаңа дәуірде танымдық құндылыққа көңіл бөлінсе, Неміс философиясының ірі өкілі Гегель идеяның объективтілігі туралы пікір білдірді. Бір сөзбен айтқанда идеяның табиғаты туралы пікірлер адамзатпен бірге жасасып, жалғасып отырды. Қоғамның ілгерілеп дамуымен, әлеуметтік байланыстардың күрделенуімен ұлттық идеяның құрылымы да, оны жүзеге асыру жолдары да белгілі деңгейде өзгерістерге ұшырайды.

Ұлы Даладағы идея, оның ішінде Ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттың тілегі, ниетті, ой-арманы дегенге саяды, осы тұрғыдан алғанда ұлттық идеяны - ұлт мұраты деп те қабылдауға болады. Қазақтың ұлттық идеясы – қазақтармен бірге дүниеге келді, қазақ этносымен бірге жасасып келеді. Ендеше, біздің ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар. Тағы бір ескеретін жай, біз арысы сақ, ғұн, берісі түркі дәуірінде туындаған ұлттық идеяның да мирасқормыз. Ұлттық идеяның мемлекеттік деңгейге көтерілуі де өз бастауын осы көне түркі дәуірінен алады да, біздің заманымызға келіп ұласады.

Ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін - өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар, ұстанымдар. Ұлттық идеясы, ұлттық мүддесі жоқ елдің – ұлттық мемлекеті де болмайды. Ол мүдделер: территориямыздың тұтастығын сақтау; өзіндік дәстүр-салтымызды, әдет-ғұрыптарымызды заман ыңғайын ескере отырып сақтап қалу; ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде статусын нығайту және қолданыс аясын кеңейту; дүниежүзіндегі мәдени-рухани, экономикалық, әлеуметтік дамудың озық үлгілерін өз бойымызға сіңіру, ұлтаралық татулық пен ұлттық бірлік т.б.

Жалпы ұлттық идеяның қызметі уақыт өткен сайын заманмен ілесе отырып өзгерістерге

ұшырайды. Мәселен, бұрынғы көне түркі дәуірлеріндегі, кейін Ислам дінін қабылдау барысында сол қауымдастық пен бірлесудің ыңғайына қарай дамыса, және оның қызметін жүзеге асырудың тетігі болса, Алтын Орда дәуірінде қазақ этногенезінің мақсаты мен мүддесін қорғады. Кейін қазақ хандығы кезінде ұлттық идея қазақ ұлтының сырт күштердің әсерінен жойылып кетпеуін көздеп ел бірлігі мен тұтастығының, ынтымағының негізі болды.

Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан саяси-экономикалық тұрақсыздық, мемлекеттер арасындағы саяси мәнді көзқарас-тар сәйкессіздігі, сонан туындайтын қиын-шылықтар әр мемлекеттің өз идеясын, ұстанымдарын қорғауды қажет етеді. Ал соларды бір арнаға тоғыстыратын ұлттық идеологиясыз ол меже мен мақсаттарға жету мүмкін емес. Профессор Ақселеу Сейдімбектің көптеген ғылыми-теориялық, танымдық-публицистикалық еңбектерінде ұлттық идея, ұлттық идеология мәселелері кеңінен және жан-жақты сөз болды. Біз аталған мақалада А.Сейдімбектің осы мәселе-лерге қатысты еңбектерін зерделей отырып, ғалымның ұлттық идея туралы ғылыми пайым-түсініктеріне талдау жасаймыз.

### ***Әдіснама***

Елдік, ұлттық идея негіздері методологиялық пайымдауды қажет ететінін ескеріп, тақырыптың мазмұнын ашу барысында философияда көзделген мақсатқа жету үшін қажетті таным құралы болып табылатын: талдау мен жинақтау, салыстыру, аналогия, объективті заңдылықтарды негізге алу, тарихи жалғастық пен сабақтастық тағы басқа да ұстанымдар мен әдістерді қолдандық.

Тарих, ұлттық идея – адам іс-әрекетінің жемісі. Сондықтан, ұлттық идея тарихын зерттеудің өзекті ұстанымдары: мемлекеттік биліктің түрі мен құрылымы, әлеуметтік негізі мен қызметі, мәні мен ерекшеліктері әр кезеңге қарай анықталатынын да ескердік. Жұмыста жалпы дүниетанымдық және құндылықтық тұрғыдан тиімді ізденістерге негізделетін философиялық білімдерге сүйене отырып идея мен идеологияның дүниетанымдық маңызын ашуға талпыныс жасадық. Соңғы ғасырдағы ұлтымыздың ұлттық идеясының бастау бұлағы болған Алаш зиялыларының бұл мәселелер төңірегіндегі шығармашылық ізденістерін де қаперде ұстадық.

Зерттеу барысында профессор Ақселеу Сейдімбектің: «Тарих адамның жаратылуымен басталады, ал адам – табиғаттың, қоршаған ортаның құрамдас, ажырағысыз бөлігі» [2, 32 б.] - деген қағидасын ескеріп, Қазақстанның ежелгі дәуіріндегі ұлттық идея тарихын зерттеуде «табиғат және адам» байланысына құрылған идеяны қаперге алдық. Өйткені, табиғат-ана халықтың мінезіне зор әсер ететінін ешкім жоққа шығармайды, бұны да ұлттық идея мен идеология мәселесін қозғағанда ескерген абзал.

Жұмыста саяси сананың құрамдас бөлігі және өзегі болып табылатын, ғылыми айналымға француз ғалымы А.Дестют де Траси енгізген [3, 20-21 бб.], саяси идеология туралы ғылыми түсініктерін басшылыққа ала отырып, идеялардың қалай пайда болатынына, әрекет ететіндігіне қатысты тұжырымдарына да сүйендік. Қандайда бір ұлттың, халықтың қолға алған ісін жүзеге асыру үшін әлеуметтік топтың мүддесін қорғайтын саяси бағдардың қажеттігін сезіне отырып, нақты саяси зерттеу үрдісі дүниетанымдық тұрғыдан түсініліп, қолданылды. Профессор А.Сейдімбек өз зерттеулерінде жиі қолданған әр түрлі елдердегі саяси процестерді түйықталған жүйе ретінде қарастыратын қоғамдық дамудың тарихи-мәдени тұжырымдамалары да ескерілді.

Мақалада философиялық сипаттағы білім мен нақты зерттеудің мазмұнына қатысты теориялық білімдерімізге сүйене отырып, саяси шынайылықты зерттеудің анағұрылым іргелі әдістерінің бірі – әлеуметтік әдіс те қолданылды. Нәтижесінде, кезінде биік мұраттан көз жазып қалған қоғамдық санаға – ұлттық идеяны орнықтыру қазіргі әлеуметтік-философиялық ғылымның басты бағыттарының бірі болуы керек деген ой түйдік. Ол мәселені шешуде профессор А.Сейдімбек еңбектерінің орны ерекше.

### **Ақселеу Сейдімбек және ұлттық идея**

Белгілі тарихшы Х.Әбжановтың пайымдауынша, «Қазақстандағы ұлттық идеяның жасы – қазақ этносымен түйдей құрдас. Ол қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен бірге қол ұстасып көтерілді... Ендеше, ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар» [4, 22 б.]. Профессор А.Сейдімбек осы пікірлерге және өзінің бұл саладағы көп жылғы ізденістеріне сүйене отырып халқымыздың ұлттық идеясының дамуы генезисі мен мақсаттарын, соған сәйкес мазмұнын төмендегіше түсіндіреді. Қазақ хандығы заманындағы ұлттық идея мемлекеттікті орнықтыру, ұлтымыздың жер ауқымын нақтылау, өзімен көршілес жатқан елдермен оңтайлы байланыстар орнату, бәсекеге қабілетті болу т.б. Сонымен қатар, әрбір ұйымдасқан әлеумет (саяси күштер, мемлекет құрушы ұлттың көшбасшылары) өздерінің көздеген мақсаттарына лайық ұлттық идеяны ұстаным ретінде дүниеге әкеледі.

Жалпы соңғы ғасырларға оның ішінде Кеңес дәуіріне көз жүгіртсек Қазақ ұлтының болмысына жақын, оның санасын билеген ұлттық идея болған жоқ. Ал Алаш зиялылары ұсынған ұлттық идеяны тоталитарлық жүйе халыққа жеткізбеді, талқыдан да өткізбеді. Ұлтымыз Кеңестік билік жүргізген әлеуметтік тәжірибелердің зардабынан сан-алуан келеңсіздіктерге ұрынып, ақырында бөгде сана ықпалымен өмір сүруге мәжбүр болды. Сондықтан да, Тәуелсіз дамуымыз кезінде еркін ойлайтын саясаткерлер мен ғалымдар, жалпы шығармашылық адамдары ұлттық идеяның мәнін, тұтас болмысын

ғылыми-танымдық, саяси тұрғыдан анықтау бағытында көптеген қадамдар жасады. Алайда, олар бірден мақұлданып, басымдыққа ие болып кете қойған жоқ, мәселе де өзінің түпкі шешімін тауып, оны қалың бұқара санасына сіңіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілмеді.

Міне, осы тұста профессор А.Сейдімбек «қазақ даласындағы ұлттық идеяның тууы мен даму белестерін кешенді түрде тиянақтауды» өзіне мақсат етіп қойып, ұлтымыз басынан өткен не бір қилы кезеңдерді танымдық тұрғыдан талдай отырып, «ұлттық идеяның мемлекеттік деңгейге көтерілген тұсы байырғы түркі дәуірінен бастау алады» [5, 5 б.] – деген тұжырымға келеді.

Айта кеткеніміз жөн, А.Сейдімбекке дейін Ұлы Даланы мекен еткен көшпелілердің ұрпақтары басынан өткерген қилы тарихының келелі кезеңдеріндегі ұлттық идея желісіне тұтас та, тиянақты шолу жасаған зерттеуші болған жоқ. Ол V ғасырдан бастап Кеңес дәуіріне дейінгі қазақ қоғамындағы ұлттық идеяның тарихи тұрғыдан даму желісін былайша көрсетеді: V ғасырда ұлттық идея – Еділ (Аттила) батырдың империялық басқыншылықтарды жойып, ұлыстарды азат етуге ұмтылысы; VII ғасырдағы ұлттық идея – Қорқыт бастаған бабаларымыздың рухани өмірді, ұрпақтың рухани-мәдени жалғастығын тоқтатпау идеясы; VIII ғасырдағы ұлттық идея білікпен, бірлікпен, күшпен Империялық биіктікке көтеріліп, түркі халықтарын үстем ету идеясы (Елтеріс, Білге қаған, Күлтегін, Тоңұқұқ); X-XI ғасырлардағы ұлттық идея – ғылым іздеу, әлемдік ғылыми ой-санаға олжа салу (Әл-Фараби, Қашқари, Баласағұн, т.б.); XV ғасырдағы ұлттық идея – ұлт бақытқа, бақ-дәулетке кенелетін, жайлы, жақсы мекен «Жерұйық» идеясы (Асан қайғы); Қазақ халқының этностық тұрғыдан даралану идеясы; XVII ғасырдағы ұлттық идея – әділетті ел болу идеясы (Тәуке хан – «Жеті жарғы»); XVIII ғасырдағы ұлттық идея – қазақ жерін жоңғарлар тарапынан болған империялық шапқыншылықтан азат ету идеясы (Абылай хан, Бұқар жырау, Доспамбет, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер). Ұлттық идеяның қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі; XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық идея – қазақ жерін империялық отарлаудан азат ету (Кенесары хан, Махамбет, Исатай батыр, Сырым Датұлы, т.б.). Бұл тұстағы ұлттық идея отаншылдық рухтың сыртқа шығуына түрткі болды; XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық идея – ұлттың қолын құқықтық теңдікке жеткізу, оқу, білім, ғылымға көңіл аудару (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай, т.б.); XX ғасырдағы ұлттық идея – дербес автономия идеясы (Ә. Бөкейханов бастаған «Алаш» зиялылары), қазақ жерін түгендеу, жаңашыл әдебиет пен мәдениетке, білімге ұмтылыс, рухани салада өзіндік жол таңдау (Абай жолын үлгілеу), жаңа ұлттық ұмтылыс («Оян қазақ» – Міржақып) т.б. [5, 5-6 бб.]

Алайда қазақ зиялылары ұсынған ұлттық мазмұндағы автономия да, үлгі тұтар ұлттық-

рухани жол да, ұлтты оятатын рухани жаңғыру да Кеңестік жылдарда қолдау таппады, керісінше, зиялы азаматтар қуғын-сүргін құрбаны болды, сөйтіп ұлттық идея жаңа, Кеңестік заманда жалғаспады, оның орнына нақтылықтан гөрі утопиясы басым Коммунизм құру идеясы келді. Бұл профессор А.Сейдімбек атап көрсеткендей, «ашық та, жария мемлекеттік қолдаусыз ұлттық идеяның тамырына қан жүгірмейтінін» [6, 38 б.] - көрсетті. Өкінішке орай, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізсе де бұл мәселе жеткілікті деңгейде әлі қолға алынбай келеді.

Ұлттық идеяның бірден қабылданып ұлт мүддесіне қызмет етпеуінің және күні бүгінге дейін дұрыс жолға қойылмауының көптеген объективті себептері бар. Солардың бастылары профессор Ақселеу Сейдімбек былайша бағамдайды:

1) демографиялық фактор. Біз тәуелсіздік жариялаған кезде өз жерімізде жалпы тұрғындардың үштен бірін ғана құрадық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді еңсеріп кетердей қауқарымыз да жоқ еді, сондықтан еппен, ақыл-парасатпен, жоғарыдағы ахуал-мен санаса отырып әрекет етуге тура келді;

2) осы жағдайды ескерсек, бұрынғы отарлаушы елдің өкілі, кешегі Кеңес заманында ресми болмағанмен, шын мәнінде артықшылықтармен пайдаланған орыс диаспорасы біздің тәуелсіздігімізді қолдай да, мойындай да кеткен жоқ және олардың ұзақ уақыт бойы қалыптасқан психологияларының, менталитеттерінің бірден өзгере кетуі де қиын еді. Саналарының да аяқ астынан өзгере қалуы мүмкін емес болатын. Олар Қазақстандағы бұрынғы жағдайды сақтап қалуды қалап, сол үшін барынша күресіп бақты. Қазақстандағы орыстанған аз диаспора өкілдері де негізінен оларды қолдады, бұларға ана тілінен мақұрым, ата дәстүрінен ажыраған, өз ұлттық ортасында өзін жат сезінетін өз ішіміздегі мәңгірттер де қосылды. Аталған факторлардың да Тәуелсіз дамуымыздың жеделдеуіне, ұлттық идеологияны жүргізуге кедергі келтіргені анық;

3) кейбір ұлт өкілдерінің, әсіресе орыс диаспораларынан шыққан саясаткерлердің біздің дербес ел болып, өзімізді өзіміз басқаруымызға күмәнмен қарауы, қайта империяға оралуға үндеуі, ел тыныштығы мен тәуелсіздігін тұрақтандыруға оң әсер етпегенін де айта кеткеніміз жөн;

4) біздің еркіндігімізді, азаматтығымызды, өздеріне азаптай көрген ұлтшыл шовинистердің әрекеттері де Тәуелсіз дамуымызға белгілі деңгейде қиындықтар әкелді;

5) Кеңес заманында бір-біріне тәуелділікке құрылған кәсіпорындар одақтың құлауымен байланысты өз жұмыстарын тоқтатты, өзара экономикалық байланыстар үзілді, елді жұмыссыздық жайлады т.б. осындай жағдайларда қарапайым халық санасына Тәуелсіздіктен тапқанымыз осы ма, бұдан бұрынғы күніміз жақсы еді – дегендей ой ұялатқан кезеңдер де болды [5, 9-10 бб.].

Аталған қиындықтар мен мәселелерді бұдан әрі де жалғастыра беруге болады. Айтылғандар белгілі деңгейде Тәуелсіз мемлекетіміздің Ұлттық идеясын шынайы анықтап, ұлттық идеологиямызды мемлекеттік деңгейде жүргізуге кедергі жасап, руханият саласының ілгерілей дамуын тежеді. Соның салдарынан Конституцияда «Мемлекеттік тіл» деп бекітілген – қазақ тілі – саясат, бизнес, экономика, ғылым т.б. салаларда өз мүмкіндігі деңгейінде қолданыс таппады. Этномәдени білім мен тәрбиеге де жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеді. Міне, осындай жағдайда Тәуелсіздік мүддесі үшін көптеген игіліктерден саналы түрде бас тартуға, тіпті әділетсіздіктерге төзуге тура келді. Мұндай қадамдар мен консенсустар, қазақ ұлтының есебінен жасалды. Бұндай жағдайлар әлеуметтік саламыздың кейбір тұстарында әлі де жалғасуда. Осыны терең сезінген ғалым-зерттеуші: «Тәуелсіздіктің негізгі мұраты не, соған қол жетті ме? Ел мен жердің ежелгі иесі болып табылатын қазақ халқының аңсаған азаттығы арқасында ойдағысы болып, ортайғаны толды ма, өз жеріндегі бар байлыққа өзі қожалық етіп, кешегі XX ғасырдың басында дербес Түрік Республикасын құрған түрік бауырларының: «Бұрын Түркияда түрік халқының маңызды орны жоқ еді. Бүгін барлық құқық – түріктердікі. Түрік жеріндегі билік – түріктерде. Саясатта, мәдениетте, экономикада билік түріктерде!» - деп шаттанғаны секілді мерейі асып, дәулеті тасып, шалқып отыр ма? – деген риторикалық сұрақ қойып, соған өзі жауап іздейді. «Бұлай болуы нәліктен» - деген мәселеге тоқталып, соның әділ жауабын көп болып іздеуге шақырады [5, 14 б.].

Әрине, бұл туралы сан-алуан пікірлер бар. А.Сейдімбектің пайымдауынша, бұл істің ілгерілеп кетуі, азаттық үшін күрескен халықтардың ұлттық санасының жетілу деңгейіне байланысты: «Ұлттың санасы оянып, ұлттық намысы жетілген елдер күрес нәтижесін – Тәуелсіздігін баянды етуге жұмсаса, ал ұлттық намысы оянбаған, құлдық санадан арылмағандар ұлт мүддесі игілігі жолында біріге алмай, әр түрлі ағым ығында өзара қырқысып, азапты күндер тізбегін жалғастыра береді» [7]. Бұл тұрғыдан алғанда біздің ел-халқымыз шыдамдылықты, төзімділікті көрсете жүріп бірікті, бір мақсатта болды, Тәуелсіздіктерін баянды етті.

Алайда, Тәуелсіздігімізге сай ұлттық сана қалыптау үшін бізге ұлттық идея қажет. Ұлттық идея – ең алдымен сана тәуелсіздігін қалыптастыратын құрал. Өйткені, сана тәуелсіздігі болмай, елдің шынайы тәуелсіздігі де болмайды. Сондықтан, біздің ұлт сан ғасырлық бодандықтың салдарынан қалыптасқан құлдық санасынан арылуы керек. А.Сейдімбек пайымдауынша, біз Ел Тәуелсіздігін жариялап, өз дәрежемізде экономикамызды дамытсақ та, ұлтымыздың санасының Тәуелсіздігін қалпына келтіру бағытында кешенді бағдарлар қабылдамадық. Ұлттық идея ашық түрде, ресми тұрғыда жа-

рияланбады, мемлекеттік ұлттық идеология да қабылданбады.

Бұрын да, қазіргі уақытта да ұлт мәселесі, ұлттық идея тақырыбы өзінің өзектілігін еш уақытта да жойған емес. Көне заманға көз жүгірсек қазақтардың өзін-өзі танып-білуге талпынысы – байырғы түркілерден бері жалғасып келе жатқан үрдіс, соған қарамастан бүгінгі қазақ өзін-өзі іздеген, танып болмаған халық. Ал ұлттың өзін-өзі тануы ұлттық «Мен»-ді қалыптастыратын тетіктер мен жағдаяттар сан-алуан, солардың бәрінің басын қосатын – Ұлттық идея. А.Сейдімбек айтқандай, бүкіл қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай іс емес. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарудан аспасы анық. Ұлттық идеясы жоқ Қазақстанда өмір сүру қазақтан басқаның бәріне ұнауы мүмкін, бірақ қазақтар үшін тиімді емес. Әлемді қамтып келе жатқан жаһанданудың табанында жаншылып қалмау үшін де, Ұлттық идеяның өзектілігі мен қажеттілігі күн санап артып келеді. Ендеше, «ұлттық идеясыз қала берсек, қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз» [8].

Профессор Ақселеу Сейдімбектің идеяның пайда болуы, дамуы, қоғамдағы орны туралы ойлары төмендегідей. Қай елде де, қандай әлеуметтік ортада да идея алғашқыда болжам, ой, жоспар түрінде дүниеге келеді. Уақыт үдерісінен шыққаны жойқын күшке айналады. Бірақ, «әр кәллада бір қиял» дегендей, өмірде не көп – идея көп. Оның бәріне тиісті көңіл бөліп, жақсы-жаманын ажыратып отыруға жалғыз-жарым адам емес, тұтас мемлекеттің мұршасы келе бермейді. Әйтпесе, фашизмге, тоталитаризмге, нәсілшілдікке әкелетін идеяларды жөргегінде тұншықтыруға болар еді.

Осыған байланысты профессор А.Сейдімбек өз еңбектерінде өскелең идеялардың да жолы бола бермейтіндігін нақты мысалдар арқылы атап өтеді. Себебі, ұлттық идеяның өрістеп дамып кетуі үшін оған біріншіден, билік тарапынан қолдау керек; екіншіден, қазіргі байлық иелерінен де қолдау табуы керек. Алайда, Қазақстандағы билік пен байлық иелері ұлттық идеяның қажеттігін осы уақытқа дейін сезінбей келеді. Оның басты себебі, А.Сейдімбек пайымдауынша, «біздегі билік пен байлықтың басы-қасындағы адам факторы ұлттық, дәлірек айтсақ, қазақтың ділге, рухқа суарылмаған... көбі «бармақ басты, көз қыстымен» байлықты, билікті еншілегендер, мұндайлардан ұлтжандылықты, ұлтшылдықты күтуге болмайды». Тағы бір ескеретін жай Тәуелсіздік жылдарындағы ірі бизнес өкілдерінің көпшілігі байырғы ұлт өкілдерінен емес, басқа этностар есебінен қалыптасқан. Оларға өзінің қара басы байлығынан басқа ештеңе керек емес. Абай 8-ші Қарасөзінде: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарым басында тұр. Өзінде жоқты малымен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса құдайтағаланы

да паралап аламын дейді. Оның діні, құдайы, халқы, білімі, ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал» [9, 97 б.].

Абайдың бұл жерде мал деп отырғаны – байлық. Бүгінгі Қазақстанда әртүрлі жолдармен байығандар жетерлік. Ұлттық тәрбие алмаған, ұлттық дәстүр-салттан құралақан, отаншылдық, елдік сезімі жоқ олар үшін Қазақстанның болашағынан гөрі, болашақ ұрпақ мәселесінен гөрі, өздерінің жеке бастарының жайлылығы қымбат. Ұлтым, Отаным деп ойламайтын олар Қазақстан байлығын өз байлықтарына айналдырып шет ел асырып жатқандары әлеуметтік желілерде жиі әңгіме болуда. Ендеше, олар үшін мемлекетті көркейтер Ұлттық идеяның қажеті де шамалы...

Ұлттық идеология туралы жазған көптеген еңбектерінің бірінде профессор А.Сейдімбек: «Қазақ елінде мемлекеттік мәртебесін толық иеленген қазақ тілінсіз ұлттық идея сыңар қанатымен жер сабалаған дәрменсіз құстай» – деген пікір білдіреді. Жасыратыны жоқ бұл мәселе төңірегінде де ұлттық идея деңгейінде талап болмағандықтан мемлекеттік дәрежесі бекітілген ұлттық тіліміз өз деңгейінде дамып, толық қызметін атқармай отыр. Сол себепті ұлттық идеяның бары мен жоғын сақтауға тиянақтауға, оны мемлекеттік деңгейдегі зор мәселелердің бірі деп қарау қажеттігін алдымен ғалымдар көтерді, олардың қаламнан туған проблемалық мақалалар, жеке еңбектер кезінде қоғамдық санаға да, мәселені шешуге де игі әсер еткені сөзсіз. Алайда ұлттық идеяны анықтауға, кейін өміріміздің қай саласында да ол межелеген мақсатқа жетуге, Президент, Парламент, Үкімет ресми түрде араласқанда, жалпы халық оны қолдағанда ғана оң нәтиже болады. Соңғы жылдарда бұл бағытта оң істер де, байсалды, нәтижелі қадамдар да бар.

Қазіргі уақытта жиі айтылатын да, баспасөз бен әлеуметтік желілерде көтерілетінде мәселелердің бірі: «Қазақстанда мемлекеттік идеология (ұлттық идеология-Г.С.) – жоқ» деген пікір, оған қарсы пікір білдіріп, «ұлттық идея идеологиялық өктемдікті туғызады» – дейтіндер де бар. А.Сейдімбек пікірінше, «олар өзін де, өзгелерді де шатастырып жүр... саналы адам қоғамы бар ортада идеология да болады» [10, 722 б.]. Осыған байланысты ғалым зерттеуші өз еңбектерінде Идея мен Идеологияға жеке тоқталып, өз пайымдарын мамандар мен оқырмандарға қисына жүгіне отырып, былайша жеткізеді. Кейбір әріптестеріміз ұлттық идея мәселесін іс жүзінде шешуге Конституциямыздың 5-бабындағы идеологиялық плюрализмді қуаттаған талап кедергі дейтін сияқты [11, 6 б.]. Ал А.Сейдімбектің пікірінше, бұл баптың еш кедергісі жоқ. Мәселе, біздің кейбір саясаткерлеріміз бен ғалымдарымыздың, сондай-ақ билік басындағылардың идея мен идеология арасындағы жер мен көктей айырмашылықты көре және ұғына алмауларында. Өзінің осы уәжін тиянақтау мақсатында ғалым идеологияға қарапайым тілмен былайша түсінік береді: Идеология – дегеніміз бір-

бірін толықтыратын, бірінен-бірі туындайтын, идеялардың жиынтық жүйесі.

Ғалымның пайымдауынша, Қазақстанда ресми түрде ұлттық идея жарияланбаса да, мән-мағынасы жағынан ұлттық идеядан ажырағысыз – Тіл туралы заң, «Мәдени мұра», Ауыл жылдары тағы басқа ұлт мүддесін қорғайтын бағыт-бағдарлар болды. Бірақ, кешегі ұлтшыл болу «айып», ұлтсыз болу (интернационалист) «жетістік» деп түсіндірілген Кеңестік заманды көрген азаматтарымыз ұлт деген сөзге қатысты қатты қайырым сөз айтуға әлі сескенеді.

Ұлтын сүю, ұлтшыл болу, бойында ұлттық санаң, ұлттық менталитетің, ұлттық психологияң болу айып емес, ол мақтаныш. Ендеше, жоғарыдағыдай жақсы, өміршең идеялар мен іргелі бастамаларды қолдау үшін мемлекет құрушы қазақ ұлтының мұратын көздейтін ұлттық идея болуы керек және ол бірінші кезекте мемлекеттік тілде, қала берді барлық қазақстандықтар тілінде орнықтырылуы керек. Болашақта Қазақстан алдымен қазақтардың Елі екенін еш жасырудың немесе көңіл жықпастықпен сипай айтудың қажеті жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ең алдымен Түркия – түріктер үшін, Германия – немістер үшін, Қытай – қытайлар үшін т.б. екенін бұл күндері әлем түсініп болды. Ендеше, біздер, қазақтар, Қазақстан қазақтар елі екенін неге жасыруымыз керек... Міне, ұлттық идея туралы ғалым Ақселеу Сейдімбектің кейбір пікірлері осындай.

Профессор А.Сейдімбек ұлттық идеяға қатысты ой толғаған көптеген еңбектерінде ұлт болмысы, диаспора, ел, бірлік, азаттық, тәуелсіздік туралы кеңінен қарастырған. Ғалым: «ұлт – тарихи-этникалық категория, диаспора – отанынан тыс өмір сүріп жатқан қауымның демографиялық сипаттамасы. Олардың басын біріктіретін ұлттық идея барша халықтың күш жігерін, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған аса жауапты тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін күш болуын қалаймыз, ол ұлттық идеология» [12] – дейді.

Профессор А.Сейдімбек өз ойының дәлелі ретінде XIX ғасыр аяғында Ресейде ұлттық идея міндетін «Самодержавие, православие, народность» деген ұран атқарғанын, ал кешегі Отан соғысы кезінде «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен халықты жігерлендіргенін, ұйыстырғанын атап өтеді. Оның пікірінше, кез-келген мемлекетке ұлттық идея қажет, ал оның атауы, мәні мен ұғым-түсінігі әр кезеңде, әр қилы болуы заңдылық, ұлттық идеяның қысқа, немесе, ұзақ мерзімді болуы да шарт емес. Ғалым бүгінгі Қазақстанның Ұлттық идеясын: «Қазақ елі. Азаттық. Бірлік» - деген ұғым түсініктер аша алады – деп есептейді.

Бұл жерде көне түркі заманынан тамыр тартатын Ел сөзі – мемлекеттікті, халықты білдіреді. Басқасын айтпағанда көне орхон жазбаларында «Мәңгі Ел», «Түркі Елі» сөздері бірнеше жерде ұшырасады. «Қазақ Елі» ұғымы біздің Тәуелсіз мемлекетіміз үшін екі өзекті міндетті шешуге мүмкіндік береді: 1) бар-

ша қазақстан халықтарының отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға; 2) Қазақстаннан шет жердегі қандастарымыздың Тәуелсіз Елі бар екендігін сезіндіруге және шет елдіктерге де Қазақстанды Қазақ Елі ретінде тануға.

Еліміз тарихынан белгілі, Қазақстан 1990 жылы егемендігін жариялады, ал 1991 жылы Тәуелсіздікке қол жеткізді. Сондықтан Азаттығымыз әлі жас және түбегейлі еркіндікке де толық қол жеткізген жоқпыз. Мысалы, біз мұнайға бай елміз, алайда әлемдік бағаны жетекші мемлекеттер айқын-дайды; озық техника мен биік технологиялар бойынша да басқаларға тәуелдіміз, олар сырттан әкелінеді.

Бірлікке келетін болсақ, «бөлінгенді бөрі жейді, бірлік бар жерде тірлік бар» – деп халқымыз оның бағасы мен құнын көне заманнан бастап түсінген, бірліктің ұлы күш екенін ұлтымыз да қапысыз ұққан. Ал Қаз дауысты Қазыбек биден «сөз атасы – шындық, анасы – бірлік» – деген ұлағатты сөз қалған. Абайдың «біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» – деген ескертпесі де бізді бірлікке шақырады. Ендеше, ынтымақ-бірліктің мүддесіне қызмет ететін ұлттық идеяны бекемдеу әрқашан жауапты міндет болып қала бермек.

Өткен XX ғасыр қазақ тарихына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Бұл барша әлемнің қайта бөліске түскен дәуірі болды, осындай алмағайып заманда қазақ елінің көшбасшысы міндетін ұлт зиялылары мен оқығандары өз мойындарына алды, олар «Алаш» қозғалысының басында тұрған, саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, адамгершілік – имандылық қасиеттері ұлттық құндылықтармен суарылған Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған «Алаш» зиялылары еді. Олардың бәрі – елін сүйген, ұлтшыл, ұлтжанды, ұлты үшін білімі мен білігін, күш-қуатын, жігерін жұмсаған, құрбандыққа барғандар болатын.

«Алаш» зиялыларын ұлы істерге жұмылдырған, оларды қоғамдық-шығармашылық, қоғамдық-саяси ізденістерге ұмтылдырған – ұлттық идея болатын. Осы ұлттық идеяның бастау бұлағын профессор А.Сейдімбек былайша бағамдайды: «біріншіден, туған халқының жан төзгісіз ауыр халі; екіншіден, қайшылыққа белшесінен батқан Ресейде либерализмнің күшеюі; үшіншіден, әлемде ұлт-азаттық қозғалысының жандануы... отарлық езгіге қарсы күрестің жаңа түрлерінің дүниеге келуі» [5, 222 б.]. Сонымен қатар, биік мұраттан көз жазып қалған қарапайым халықтың қоғамдық санасына ұлттық идеяны орнықтырудың бірден-бір жолы: көптің саяси мәдениетін қалыптастыру және көп қабылдайтын, қолдайтын тұғырнама ұсыну еді. Өйткені, екі ғасырға созылған отарлау, қорлық пен зорлық ұлтымыздың дүниетанымына, мінезін, өмір салтына, шаруашылығына орасан зор нұқсан келтіріп, еңсесін түсіріп, оң-солын бағамдау қасиетінен айырып, сағын сындырып, күрескерлік рухтарын жоюға қалған болатын. А.Сейдімбектің пікірінше, дәл осы тұста М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» ұлттық идеясы

отарланған өлке үшін түсінікті де, пәрменді ұран, ұстаным, шақыру болды.

Бұл жердегі ерекше назар аударатын жайт оянған халық жақсы мен жаманды, өз көсемдері мен жандайшаптарды ажырата бастайды. Профессор А.Сейдімбек аталған ұлттық идея туралы: «Оян, қазақ!» ұлттық идеясы отарланған өлке үшін түсінікті де, пәрменді форма болып шықты. Ол – табиғи-ырғақты даму мүмкіндігінен айырылған қазақ қоғамына және оның халқына зорлықпен таңылған кеселдерді айыптап қана қоймай, әркімнің және баршаның намысын жаныған, ел мен жер алдындағы жауапкершілігін тиянақтаған, әрісі Күлтегін жазуының, берісі «Жеті жарғының» нағыз өзі» – деп түйіндейді. Ғалым ары қарай ойын жалғап, «Алаш» қозғалысының серкелері «Оян, қазақ!» формуласымен түйінделген ұлттық идеяның мазмұны мен пішінін, көздеген нәтижелерін, нақты іс-қимыл бағыттары мен идеологиясын қасаң қағидаға айналдырмаған. Қайта шығармашылықпен жетілдірген, толық-тырған. А.Байтұрсыновтың осы рухта жазған «Маса», «Қырық мысал» кітаптары зор беделге ие болды. «Айқап», «Қазақ» сынды газет-журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастықты сақтауға баға жетпес үлес қосты. Алашшылар империядағы және өлкедегі, тіпті әлемдегі өзгерістерге сай ұйымдастырған іс-әрекетпен, қайраткерлікпен халқының жүрегі мен санасын билеп алды» [5, 225 б.] – дейді.

Профессор А.Сейдімбек «Оян, қазақ!» ұлттық идеясы Ұлы Даланың оянуына үлкен ықпал етті деп есептейді және оның белгілерін ғалым 1916 жылғы оқиға-лардан, арада 70 жыл өткенде болған қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен көреді. Алдыңғысы шектен шыққан отарлық езгіге қарсы болса, соңғысының нәтижесінде КСРО сияқты тоталитарлық мемлекет ыдырады, қарсылық пен өзгерісті қолдаған Алаштықтардың интеллектуалдық ізденістерінің шырқау биігі Бірінші Жалпықазақ съезіне ұласты. Ақырында Ұлы Даланы қозғалысқа әкелген «Оян, қазақ!» ұлттық идеясы мақсат-мұратына жетіп, 1917 жылдың жазынан бастап «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясына ұласты. Бұл тарихи жолды А.Сейдімбек былайша бағалайды: «Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күтірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары» [5, 227 б.]. Ендеше, біз, алдағы істерімізде осы ұстанымдарды қаперге алғанымыз жөн.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарында жеңіске жеткен Кеңестік өкімет жүйесі Алаш қайраткерлері ойлағандай болмады, соған қарамастан олар болашақтан үмітін үзбеді. Әсіресе, болашақ ұлт тағдыры жастардың қолында деп, бар күш-жігерін, білім-біліктерін солармен жұмыс істеуге, олардың ой-санасын дұрыс қалыптастыруға жұмсады. Жастарды азаттық рухында, еркін мінезге тәрбиелеу, ұлт мүддесіне адалдыққа баулу – бүгінгі күннің де өзекті міндеті.

Профессор А.Сейдімбектің пайымдауынша, «Қазіргі уақытта, ең бастысы – қоғамдық дамудың бұрын-сонды беймәлім жолына түскен ел ұлттық идеясыз тығырыққа тірелетіні анықталды. Социалистік экономикадағы, халықтың өмір салты мен мәдени-тілдік жағдайындағы керек-қажетті ұлттық идеясыздықтан туындаған... Саяси ерік-жігер мен мемлекет билігін ұлттық мүддеге, қазіргі және ертеңгі ұлттық идеяға жүгіндірмей Қазақстанның байлығы өзіне қызмет ететінінен, бәсекеге қабілетті биікке көтерілген экономикасы баршаны жарылқайтынын дәмету – қауіпті адасулардың басы» [5, 230-231 бб.].

Профессор А.Сейдімбек ұлттық идеяға қатысты екі негізгі тұжырым жасайды: 1) ұлттық идея өзін-өзі таныған ұлт барда ғана дүниеге келеді; 2) ұлттық идеяның мазмұны мен өзегін, бүгінгі кемел келешекпен жалғастыратын өміршен де, қысында арман құрайды. Ұлттық идеяның болмысын ары қарай талдау барысында ғалым: ұлттық идеяны оң анықтап, еңселі ел болу жолында тым асығыстық та, аса жайбасарлықты да танытпау, береке-бірлікті сақтау, халықтарды тұтастыру т.б. маңызды мәселелерді атай келіп, ұлттық идеяның басты болмыс-бітімі: Қазақ Елі, Азаттық, Бірлік – деген қорытындыға келеді.

### Қорытынды

Ойымызды қорыта келе айтар болсақ, ұлттық идея – этностық, мәдени, діни, тағы басқа жолдармен біріккен әлеуметтің мақсат-мұраттары, ой-армандары, көзқарастары мен дүниетанымдарының тұтас жиынтығы. Ұлттық идея сол ұлт туралы, оның қоршаған әлем мен тарихтағы орны, миссиясы, өткені мен болашағы жайлы көзқарастарды да қамтиды. Ол ұлттың күш жігері мен іс-әрекеттерін ортақ, игі мақсаттарды жүзеге асыруға жұмылдырып, әлеуметтің тұтастығын қамтамасыз етіп, ұлт пен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына зор әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық идея – әрбір тарихи нақты кезеңдерде мемлекет құрушы ұлт алдында тұратын басты мақсат. Ол мақсатқа жету үшін қоғамның әр саласындағы өзекті міндеттерді бір арнаға тоғыстыратын теориялық ілім, ұстаным – ұлттық идеология (мемлекеттік идеология) қажет.

Профессор А.Сейдімбек атап көрсеткендей, «қазіргі Қазақстанда саяси – әлеуметтік өмірдегі жетістіктерімізге қарамастан, қоғам үшін ұзақ мерзімді идеал болатындай идеология қалыптаспай отыр» [13]. Ғалым пайымдауынша, «Қазақстан үшін іргетас болатын жалғыз ғана идея бар. Ол – Қазақ идеясы. Қазақ идеясы ғана Қазақстанды дербес мемлекет ретінде даралап, жалпы қазақстандықтардың бүгінгі және тарихи перспективадағы мақсат-мүдделеріне іргетас бола алады. Бұл тұрғыда, қазақ идеясын Қазақстандық идея, немесе, Ұлттық идея деп те атауға болады» [13].

Тәуелсіздік жылдары ішінде бізде ресми түрде бас-аяғы жүйеленген идеология болмағанымен, алға қойған мақсат-межелеріміз болды. Айталық, өткен ғасырдың 90-шы

жылдарының аяғына қарай біз мемлекетіміздің экономикалық іргетасын қалауды, әлеуметтік-интеллектуальдық әлеуетін нығайтуды көздедік. Сөйтіп, еліміздің жаңа әлемнен лайық орын алуына ұмтылыстар жасадық. Олар сол кездегі құжаттарда әуелі дамыған 50 елдің, кейін 30 елдің қатарында болу Стратегиясы деп межеленді. Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламалары мен «Мәңгілік Ел» идеясы сияқты құжаттарда жалпы мемлекеттік мәселелермен қоса ұлт болмысы мен ұлттық даму, ұлттық сана мәселелері де қамтылған. Ал соңғы жылдардағы «Жаңа Қазақстан», «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» идеялары мен мақсаттары Ел Президенті тарапынан көтеріліп жүрген жаңа бастамалар, ұлттық идеяға деген бетбұрыс деп түсінгеніміз абзал.

Ұлттық идея тарихи қажеттілік. Ерте ме, кеш пе, біз профессор Ақселеу Сейдімбек айтқандай ұлттық идеяға, оның теориялық ұстыны – ұлттық идеологияға келеміз, қазіргі еліміздің демографиялық жағдайы да, көп ұлтты сипаты бар біртұтас елдігіміз де, ұлттық сана ашықтығы мен рухани жаңғыруымыз да осыған әкеледі. Ендеше, ұлттық идеямыз бен идеологиямызды қалыптауда, орнықтыруда, оны ел мүддесіне жаратуда профессор А.Сейдімбек еңбектерінің орны ерекше болмақ. Ал оның осы саладағы еңбектерін зерттеп, зерделеу заман талабына сай жалғаса бермек.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Философиялық энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 614 б.
- 2 Тарақты А. Ауызша тарихнама // Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – Б. 31-47.
- 3 Дестют де Траси А.-Л.-К. Основы идеологии. Идеология в собственном смысле слова. – Москва: Академический Проект; Альма Матер, 2013. – 334 с.
- 4 Әбжанов Х. Ұлттық идея – қазақ мұраты // Қазақ альманағы. – 2009. – №3. – Б. 19-34.
- 5 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараулы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
- 6 Сейдімбек А. Ұлттық идея // Қазақ альманағы. – 2009. – №1. – Б. 36-50.
- 7 Сейдімбек А. Тарих және тәуелсіздік // Егемен Қазақстан. – 2001. – 30 қараша.

8 Сейдімбек А. Ұлттық идея – ұлы ұйытқы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 6 сәуір.

9 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.2. – 336 б.

10 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.2. – 816 б.

11 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, – 2019. – 56 б.

12 Егер адам құқы шын мәнінде қорғалатын болса, алдымен ұлттың құқы қорғалуы керек: [жазушы, этнограф-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты А.Сейдімбекпен сұхбат] // Айқын. – 2006. – 3 маусым. – Б. 3.

13 Сейдімбек А. Ұлттық идея // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 15 тамыз. – Б. 4-5.

### Transliteration

1 Filosofialyq ensiklopedia [Philosophical encyclopedia]. – Almaty: Lantar Treid, 2021. – 614 b. [in Kaz]

2 Taragty A. Auyssha tankhnama [Oral history] // Qazaq. Jogary oqu oryndary studentterine arналған oqu quraly. – Almaty: Bilim, 1994. – B. 31-47. [in Kaz]

3 Destiut de Trasi A.-L.-K. Osnovy ideologii. Ideologiya v sobstvennom smysle slova [The basis is ideological. Ideology in the proper sense of the word]. – Moskva: Akademicheskii Proekt; Alma Mater, 2013. – 334 s. [in Russ]

4 Abjanov H. Ulttyq ideia – qazaq muraty [The national idea is the Kazakh ideal] // Qazaq almanagy. – 2009. – №3. – B. 19-34. [in Kaz]

5 Seydimbek A., Abjanov H., Salgarauly Q. Ulttyq ideia: tarihi tagdyry men bolasagy [National idea: historical fate and future]. – Astana: Foliant, 2012. – 248 b. [in Kaz]

6 Seydimbek A. Ulttyq ideia [National idea] // Qazaq almanagy. – 2009. – №1. – B. 36-50. [in Kaz]

7 Seydimbek A. Tarih zhane tauelsizdik [History and independence] // Egemen Qazaqstan. – 2001. – 30 qarasha. [in Kaz]

8 Seydimbek A. Ulttyq ideia – uly uytqy [The national idea is a great catalyst] // Egemen Qazaqstan. – 2005. – 6 sauir. [in Kaz]

9 Qunanbauly A. Shygarmalarynyn eki tomдық tolyq zhinagy [Complete two-volume collection of his works]. – Almaty: Zhazushy, 2005. – T.2. – 336 b. [in Kaz]

10 Seydimbek A. Shygarmalary. Altı tomдық [Works. Six volumes]. – Astana: Foliant, 2010. – T.2. – 816 b. [in Kaz]

11 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Almaty, 2019. – 56 b. [in Kaz]

12 Eger adam quqy shyn maninde qorgalatyn bolsa, aldymen ulttyn quqy qorgaluy kerek [If human rights are to be truly protected, the rights of the nation must be protected first]: [zhazushy, etnograf-galym, Memlekettik syilyqtyn laureaty A.Seydimbekpen suhbat] // Aiqyn. – 2006. – 3 mausym. – B. 3. [in Kaz]

13 Seydimbek A. Ulttyq ideia [National idea] // Qazaq adebiyeti. – 2003. – 15 tamyz. – B. 4-5. [in Kaz]

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Гүлдарига Серікқызы  
Симуқанова

Алтай Тайжанұлы Тайжанов

Гүлдарига Серікқызы  
Симуқанова

Алтай Тайжанович Тайжанов

Guldariga Simukanova

Altai Taizhanov

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, email: simukanova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-9281-7870

профессор, философия ғылымдарының докторы, М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан, email: tajjanov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-1460-2587

PhD докторант, Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, email: simukanova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-9281-7870

профессор, доктор философских наук, Западно-Казахстанский медицинский университет им. М. Оспанова, Ақтөбе, Казахстан, email: tajjanov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-1460-2587

PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, email: simukanova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-9281-7870

Professor, Doctor of Philosophical Sciences, West Kazakhstan Medical University named after M. Ospanov, email: tajjanov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-1460-2587